



БЕКІТЕМІН

«Bolashaq» Академиясының
ректоры, философия докторы
(PhD)



К.Б. Аданов

20__ ж.

ЕРЕЖЕ

«Bolashaq» Академиясының ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған
“Bolashaq Science Awards”
ішкі гранттар конкурсы

Қарағанды, 2026

1 ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ: ҒЖЖХБ жөніндегі проректордың жұмыс тобы (ЖТ) бірлесіп әзірлеуімен

ЖТ жетекшісі – Асакаева Д.С.

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: «Bolashaq» академиясының Ғылыми кеңесімен

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

ҒЖЖХБ жөніндегі проректор – Асакаева Д.С.

ҒЖХБ басқармасының басшысы – Хасенов Б.Р.

Ғылыми қызметкер – Тұрғанбай М.Д.

маман – Смагулова Г.С.

4 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ: 1 жыл

5 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ: СМЖ Ж ҒТК-2026

Осы Ереже «Bolashaq» академиясы» ЖМ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта жаңғыртуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Конкурстың бағыттары	4
3. Конкурстың қатысушылары	4
4. Жоба түрлері	5
5. Өтінім беру тәртібі	5
6. Жобаларды сараптау және бағалау	5
7. Конкурс нәтижелері	5
8. Бақылау және есептілік	6
9. Қорытынды ережелер	6
10.Қосымша	7

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Bolashaq» Академиясында «Bolashaq Science Awards» (бұдан әрі – Конкурс) ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған конкурсын ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурс келесі мақсаттарда өткізіледі:

- «Bolashaq» Академиясының ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту;
- профессор-оқытушылар құрамы, жас ғалымдар мен білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттыру;
- ғылыми ұжымдарды қалыптастыру және перспективалы зерттеулерді қолдау;
- ғылыми қаржыландырудың республикалық және халықаралық конкурстарына қатысу үшін өтінімдер дайындау.

1.3. Конкурс

- Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім саласындағы заңнамасына (2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы);
- «Bolashaq» Академиясының Жарғысына;
- осы Үлгі Ережеге сәйкес өткізіледі.

1.4. Конкурстың ұйымдастырушысы – «Bolashaq» Академиясы.

2. Конкурстың бағыттары

2.1. Конкурс келесі негізгі ғылыми бағыттар бойынша өткізіледі:

1. Елдің зияткерлік әлеуеті
2. Өмір және денсаулық туралы ғылым

3. Конкурстың қатысушылары

3.1. Конкурсқа қатысуға құқылы:

- «Bolashaq» Академиясының профессор-оқытушылар құрамы;
- ғылыми қызметкерлер;
- докторанттар, магистранттар және білім алушылар (ғылыми ұжым құрамында);
- сыртқы ғалымдар мен мамандар (қосымша орындаушылар ретінде).

3.2. Жоба жетекшісі PhD, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар «Bolashaq» Академиясының қызметкері болуы тиіс.

3.3. Ғылыми ұжымның құрамы «Bolashaq» Академиясы қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады. Сыртқы сарапшылар мен жас ғалымдарды тартуға жол беріледі.

3.4. Ғылыми топ құрамында жас ғалымдардың (40 жасқа дейін қоса алғанда) қатысуы ұсынылады.

4. Жоба түрлері

4.1. Конкурсқа келесі жобалар қабылданады:

- іргелі ғылыми жобалар;
- қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары.

4.2. Жобаларды іске асыру мерзімі Конкурс шарттарымен айқындалады, оны өткізу туралы хабарландыруда көрсетіледі және, әдетте, 8 (сегіз) айға дейінгі кезеңді құрайды.

5. Өтінім беру тәртібі

5.1. Конкурсқа қатысу үшін төмендегілерді қамтитын өтінім беріледі:

- жоба аннотациясы;
- мақсаттардың, міндеттердің және ғылыми жаңалығының сипаттамасы;
- күтілетін нәтижелер;
- ғылыми ұжымның құрамы;
- жұмыстардың күнтізбелік жоспары;
- шығыстар сметасы.

5.2. Өтінімдер белгіленген мерзімдерде электрондық және (немесе) қағаз форматта тапсырылады.

5.3. Осы Үлгі Ереженің талаптарын бұза отырып рәсімделген өтінімдер пысықтауға қайтарылуы мүмкін.

6. Жобаларды сараптау және бағалау

6.1. Өтінімдерге сараптама «Bolashaq» Академиясының конкурстық комиссиясы тарапынан жүргізіледі.

6.2. Қажет болған жағдайда сыртқы сарапшылар тартылады.

6.3. Бағалаудың негізгі критерийлері:

- жобаның өзектілігі мен ғылыми маңыздылығы;
- Академияның басым бағыттарына сәйкестігі;
- ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы;
- жоба жетекшісі мен команданың біліктілігі;
- жоспар мен күтілетін нәтижелердің шынайылығы;
- жобаның орнықтылық және даму әлеуеті, оның ішінде жобаны жалғастыру мүмкіндігі және мемлекеттік және (немесе) халықаралық гранттарға өтінімдер дайындау мүмкіндігі.

7. Конкурс нәтижелері

7.1. Конкурс қорытындысы бойынша мынадай шешім қабылданады:

- жобаны қолдау туралы;
- жобаны қабылдамау (қолдаудан бас тарту) туралы.

7.2. Қолдау тапқан жобалар:

- Конкурс жарияланған сәтте айқындалатын көлемде Академия қаражаты есебінен қаржыландырылуы мүмкін;
- республикалық және халықаралық конкурстарға ұсынуға ұсынылуы мүмкін;
- Академияның ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарына енгізілуі мүмкін.

8. Бақылау және есептілік

8.1. Қолдау тапқан жобалардың жетекшілері аралық және қорытынды есептерді ұсынуға міндетті.

8.2. Күтілетін нәтижелерге мыналар кіруі мүмкін:

- гранттық өтінімдер дайындау (міндетті түрде мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жобалардың біріне қатысуы керек)
- ҒЖЖБССҚК, Scopus, WoS базаларына кіретін журналдарда жарияланымдар;
- конференцияларға қатысу.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Ереже «Bolashaq» Академиясы ректорының бұйрығымен бекітіледі.

9.2. Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді.

1. Жоба туралы жалпы ақпарат

1.1. Жоба атауы (ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның толық атауы)

1.2. Зерттеу түрі

- іргелі
- қолданбалы

1.3. Басым ғылыми бағыт (басым бағыттардың бірін көрсету)

- ☐ Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану
- ☐ Энергия, озық материалдар және көлік
- ☐ Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар
- ☐ Елдің зияткерлік әлеуеті
- ☐ Өмір және денсаулық туралы ғылым
- ☐ Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту
- ☐ Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс

1.4. Мамандандырылған ғылыми бағыт (ғылыми бағыттар жіктемесіне сәйкес көрсетіледі)

1.5. Жобаны іске асыру мерзімі

Басталуы: « » _____ 20 ж.

Бітуі: « » _____ 20 ж.

Жалпы ұзақтығы: ____ ай

2. Жоба андатпасы

2.1. Андатпа (300 сөзге дейін; мақсаты, міндеттері, әдістері, күтілетін нәтижелер)

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері

3.1. Жобаның мақсаты (анық тұжырымдалған бір мақсат)

3.2. Жобаның міндеттері

- 1.
- 2.

(3–5 міндет)

4. Зерттеудің өзектілігі (ғылым, білім, экономика, қоғам және мемлекеттік басымдықтар тұрғысынан жобаның маңыздылығын негіздеу)

5. Ғылыми жаңалық және күтілетін үлес

5.1. Ғылыми жаңалық (зерттеудің түпнұсқалығы неде екені көрсетіледі)

5.2. Күтілетін үлесі

- ☐ ғылыми бағытты дамыту
- ☐ жаңа ғылыми білім алу
- ☐ нәтижелерді практикалық қолдану
- ☐ гранттық қаржыландыруға өтінімдерді дайындау
- ☐ білім беру процесіне нәтижелерді енгізу

6. Әдістеме және зерттеу әдістері (пайдаланылатын ғылыми тәсілдердің, әдістердің, деректер көздерінің қысқаша сипаттамасы)

7. Зерттеулердің дайындық деңгейі (TRL)

7.1. Өтінім беру сәтіндегі дайындық деңгейі (зерттеудің ағымдағы жай-күйінің сипаттамасы)

7.2. Жоба аяқталғаннан кейін жоспарланған дайындық деңгейі (күтілетін аяқталу деңгейі)

8. Жобаның күтілетін нәтижелері

8.1. Жоба мен жарияланым (жоспарланған жарияланымдарды көрсету)

- ☐ гранттық өтінімдер дайындау (міндетті)
- ☐ рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар
- ☐ ҒжЖБССҚК ұсынған журналдардағы жарияланымдар
- ☐ конференция материалдары
- ☐ патент (қолданбалы зерттеулер кезінде)

9. Зерттеу тобының құрамы

9.1. Жобаның ғылыми жетекшісі

ТАӘ:

Ғылыми дәрежесі, атағы:

Лауазымы:

Бөлімше:

Ғылыми мүдделер саласы:

ORCID / Scopus Author ID / Researcher ID (бар болған жағдайда):

9.2. Зерттеу тобының мүшелері

№	ТАӘ	Дәрежесі / мәртебесі	Лауазымы	Жобадағы рөлі
1				
2				

10. Жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары

Кезең	Жұмыстардың атауы	Орындау мерзімі	Күтілетін нәтиже
1			
2			
3			

11. Жобаны қаржыландыру

11.1. Сұратылған қаржыландыру көлемі (теңге)

11.2. Шығыстардың негізгі баптары (қызметтер, материалдар, жабдықтар және т.б.)

12. Қолдар

Жобаның ғылыми жетекшісі

ТАӘ _____

Қолы _____ Күні _____

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректор

ТАӘ _____

Қолы _____ Күні _____